

**Докторант Ахметова Айнур Мырзалиевнаның «6D021400 –
Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін
(PhD) алу үшін ұсынған «XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ
романындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық зерттеу
жұмысына берілген отандық кеңесшінің
ПКІРІ**

Қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымдар кеңістігінде көркемсөз мәнмәтінінен ұлттың мәдениетін танытатын когнитивтік категорияларды зерттеуге дең қойғандығы мәлім. Әсіресе, Қазақстан секілді посткеңестік елдердің жаһандық кеңістікте ұлттық бейнесін сақтап қалу жолында концептуалдық зерттеулер кешенін дамыту мәселесі маңызды саналады. Осы тұрғыдан алғанда Айнур Ахметованың «XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық жұмысында келтірілген субъективтік ой-тұжырымдар отандық когнитивтік әдебиеттану саласын қалыптастыру және дамыту барысында белгілі бір деңгейде үлес қосады деп есептеуге болады. Сондай-ақ әдебиеттануда концепт ретінде зерттелетін сөз белгілі бір ұлттың мәдениетінде, ұлттық дүниетанымда ерекше танымдық қызмет атқаруы тиіс. «Мәңгілік ел» ұғымын талай уақыттардан бері түркі халықтарының, оның ішінде, қазақ халқының менталды әлемінде семиотикалық қызмет атқарады деп есептеуге негіз бар. Ескі көк түркілер заманынан кейін араға бірнеше дәуір салып, Қазақстанда мемлекеттік деңгейде қазақ халқының ұлттық идеясы ретінде қайта жаңғыруының да өзіндік үлкен себебі бар. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы халыққа дәстүрлі жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыла түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы» – деп атап өткен еді. Мемлекет басшысының аталған жолдауынан кейін қазақ гуманитарлық ғылым салаларында «Мәңгілік ел» ұғымы идея ретінде кеңінен зертteleле бастағандығы белгілі. Ізденуші А.Ахметованың аталған жұмысында да «Мәңгілік ел» ұғымы XXI ғасырда жарық көрген қазақ романдарынан көркем концепт ретінде қарастырылған.

А.Ахметованың «XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Ізденуші әр тарау бойынша жеке ой-тұжырымдарын ұсынған. Тарау мен тараушалар жүйелі түрде іштей мазмұндық желіні сақтай отырып, бір-бірін толықтырады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы, өзектілігі, жаңалығы, әдіс-тәсілдері, пәні, нысандары, теориялық және тәжірибелік маңызы, ұсынылған тұжырымдары айқын көрсетілген. Ізденушінің 2000-2015 жылдар аралығында қазақ романдарынан «Мәңгілік ел» ұғымын концепт ретінде қарастыруы және көркем концептінің отандық әдебиеттануда зерттеу

мәселесіне қатысты айтқан жеке пікірлері жұмыстың жаңалығы мен өзектілігін көрсетеді деп есептеуге болады.

«Когнитивтік парадигмалар мәнмәтініндегі отандық әдебиеттану» деп аталатын алғашқы тарауда «Мәңгілік ел» ұғымының концептілік әлеуетін айқындауға тырысқан. Ізденушінің аталған ұғымды көркем концепт ретінде қарастыруға қатысты тұжырымдары мен жалпы қазақ романдарынан аталған концептіні зерттеу туралы жеке пайымдарының ғылыми түрғыда маңызы бар. Сондай-ақ, көркем концептіні лингвистикалық және әдебиеттанулық аспектіде зерттеудің өзара аражігін айқындауға тырысқан. «Мәңгілік ел» концептін пәнаралық ғылымдар саласында зерттеу маңызды деген пікір ұсынған.

«Мәңгілік ел» әдеби концептінің бейнелі құрылымдары мен когнитивтік-көркемдік моделі» және «Мәңгілік ел» көркем концептінің ментальды құрылымдарын толықтырудың түркілік дүниетанымның рөлі» деп аталатын тарауларда зерттеу нысанына жазушы Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезен», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдарын алғып, туындылардың көркем мәтінінен «Мәңгілік ел» концептін айқындастын базалық көркем ұғымдарды және когнитивтік типтер мен модельдерді айқындауға тырысқан. «Мәңгілік ел» концептін қазақ романдарының тұтас контекстінен айқындаған жөн деген тұжырым ұсынған. Тараулар барысында келтірген ғылыми пайымдары логикалық түрғыда қысынға келеді. Сондай-ақ, ізденуші зерттеуге түрарлық көркемдігі жоғары романдарды ірікте алған. Тараулар мен тараушалар бойынша қорытынды пікірлер берілген. Аталған жұмыс соңғы жылдары адам феноменін орталық ретінде қарастырып жатқан гуманитарлық когнитивтік ғылымдар саласында маңызы әрі өзекті саналады деп есептеймін.

Докторант А.Ахметова зерттеу жұмысының өзектілігі, теориялық және тәжірибелік маңызы жөнінде «Scopus (Scopus)» деректер базасындағы басылым мен ҚР Білім және ғылым саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдарда, халықаралық конференциялар жинағында мақалалар жарияладап, баяндамалар жасаған. Зерттеу жұмысының басты тұжырымдары мен қорытындылары ғылыми басылымдарда жеткілікті деңгейде жарық көрген. Диссертация тақырыбы бойынша «Seven Aspects of the Great Steppe in the Modern Kazakh Prose – the National Conception of Eternal Nation and Art Discourse» деп аталатын мақаласы «Scopus» деректер базасына кіретін «Space and Culture» журналында 2019 жылы жарияланды. Докторанттың жұмысы пәнаралық зерттеулерге жататындықтан, мәдени, әлеуметтік, өнертану және гуманитарлық бағыттағы мақалаларды жариялайтын «Space and Culture» журналында жарық көрген. Журналдың мәдениеттану саласының (Cultural Studies) процентилі – 60; әлеуметтану және саясаттану ғылымының (Sociology and Political Science) процентилі – 29; өнертану және гуманитарлық сала (Arts and Humanities) процентилі – 19. «Мәңгілік ел» концептінің мәдени, лингвистикалық, әдебиеттанулық, тарихи-

мәдени қырынан зерттелуі ізденушіге нақты әрі жүйелі тұжырымдар жасауға мүмкіндік берген. Мақаланың аталған журналда шыққандығы диссертацияны қорғауға ұсынуға кедергі келтірмейді.

Жоғарыда айтылған пікірлерді негізге ала отырып, Ахметова Айнур Мырзалиевнаның «XXI ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық жұмысын «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық қеңесте қорғауға лайық деп есептеймін.

Отандық қеңесшісі, филол.ғ.д.

Н.Б. Ақыш

